

Шымкент қаласы
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Тәрбиеші: Сабанбаева Э
Артыкова А

2020-2021 жыл

03.09.2020 Ата аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар 11

Қатыспағандары 9

«Zoom» платформасы код доступа ;123456

Күн тәртібінде

1. Баяндама «Бала тәрбиелеу- бесіктен басталады»
2. Ата аналар комитетін сайлап алу Жаңа 2020-2021 оқу жылының жоспарымен таныстыру
3. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша мектеп алды даярлық «Жауқазын» тобының тәрбиешісі Сабанбаева Эльмира сөз сөйледі
Біз үлгілік оқу бағдарламасы жоспарына сай жұмыс жасаймыз.
ҚР БҒ министрінің 2021ж20 желтоқсандағы №557 бұйрығы ҚР ның Әділет министрілігінде 2013ж 17 қаңтарында №8275 тіркелді ҚР БҒ министрінің 2018 ж 1 қарашадағы №604 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып 5білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері қарастырылған .

Аптасына оқу жүктемесі-12 сағат

Ұзақтығы 20-25 минут

Вариативтік компонент 2 сағ.

Біз күнделікті ҰОҚ нің тақырыптарын «Bilimkids» ресурсынан аламыз . Ол бағдарламалар ҚР БҒ министрлігі бекіткен Мектеп ке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта жасалған .

Биылғы оқу жылынан бастап смарталған 4 К моделі бойынша жұмыс жасап жатырмыз, яғни оқу қызметіне енгіздік .

Әр тақырыпқа сай көрнекіліктер жасаймыз , мысалы фетр матасынан көптеген ойын элементтерін , ертегілерді құрастырып, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырып келеміз.

Теледидар ноутбук колданамыз. Музыкалық қабілеттерін арттыру мақсатында саз жетекші Турдалиева Улана аянбай еңбек етуде. «Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте » дегендей орыс тілінің маманы Юсвалиева Диляфруз өз ісін жетік менгерген маман .

Әдіскеріміз Жантаева .Г.Ж біздің күнделікті оқу жоспарымызды тексере отырып , өз көз қарасын білдіріп , балаларға қаншалықты жеткізе

алатынымызды , колданатын ресурстарымызды қадағалап, бізге күш жігер беріп отырады

Біздің бақшада психолог , логопед мамандары да жұмыс жасайды, қажет болған жағдайда оларда көмектерін аямайды .Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатын менгерушіміз Калибекова .А .У жаңа инновациялық «интеллектум» ойын түрлерін көптеп алып беріп курсың оқытып ата аналар мен балалардың алқысын алды. Бұл ойынды балалар сүйіп ойнайды , түрлері өте көп оқу қызметіндеде қолданамыз.

Баяндама; «Бала тәрбиесі бесіктен»

2 мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Артыкова.А сөз алды ;

Ата аналарға «бала тәрбиесі бесіктен басталады» атты баяндамада қысқа да нұсқа етіп оқып берді . Және екінші мәселе бойынша жаңа оқу жылының басынан ата аналар комитетін сайлап алуды ұсындық. Марат Дамирдің анасы

Қымбат Абдуллаева ханымды ата-аналар төрайымы етіп бір ауыздан сайлады және көмекшілері ретінде Майра ханыммен Барно ханымды сайлады.

3 мәселе бойыншы

1- төлем акыны әр айдың 10 на дейін төлеуді ескертіп айттық.

2- Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікпей келуді түсіндіріп айттық .

Балаларды ауа райына сай киіндіруді ескерттік.

Қаулы;

1 Ата аналар бақшамен тығыз байланыста болсын

2Ата аналар комитетінің төрайымы Абдуллаева Қ, Юлдашова Б,,Жандосова М тағайындалсын.

3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

Төрайым : Сабанбаева.Э

Хатшы: Артыкова . А

Шымкент қаласы
№53 «Ер - Асыл» бөбекжай- бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тәрбиеші: Сабанбаева Э
Артыкова А

2020-2021 жыл

Қатысқандар 15

Қатыспағандары 10

Күн тәртібінде

7. Әңгіме «Не үйреніп білдік?»
8. Табиғат жайлы толғаныс «Табиғатты аялайық»
9. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша тәрбиеші Артыкова сөз алып мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс- тәсілдеріне үйрету эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді. Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгертеді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренетіндігін айтып, дәстүрден тыс әдістердің түрлері мен кеспіндемемен, графикамен, скульптурамен, сәндік қолданбалы өнер туындыларымен балалардың қабілеттілік пен дағдыларын дамыту жолында жұмыстар жүргізіп жатқандығын айта келіп, балаларға жасатқан жұмыстарын және іс-тәжірибие көрсетіп етті. Жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Баланы сахнада кейіпкер ретінде сіната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту арқылы мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту, болып табылатынды. Жалпы білім саласы бойынша балалардың даму деңгейі жоғары көрсеткіш көрсетіп бақша қызметкерлерімен ата аналарын қуанытып жатқандығын айтып өтті.

2 мәселе бойынша бақша басшысы сөз алып, табиғат тіршіліктің құт берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Балабақшадағы үйлеріміздегі ұрпағымыздың дені сау болып өсу үшін, ең алдымен ауа тазалығына көңіл бөлген жөн деп ойлаймын. Табиғатты қорғау сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп өніп жетілген. Тәрбие тал бесіктен лейміз, бүлдіршіндерімізді табиғатты сыйлауға, қорғауға тәрбиелейік деп сөзін қорытындылады.

3 мәселе бойынша

Мерекелік іс шараларды өз тәртібімен өткізу.

Еаланы бақнадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікей келуді түсіндірі айттық .

Балабақша тазалығына тоқталу.

Қаулы;

- 1 Білім сала бойынша бала жетістіктерінің көрсеткіштерін қадағалау.
- 2 Табиғатты аялап бала тәрбиесіне көңіл бөлуді тәрбиешілерге жүктелді.
- 3 Бақша тазалығын қадағалау шаруа меігерушісіне жүктелсін.

Төрайым, Сабанбаева.Э

Хатшы; Артыкова . А

Шымкент қаласы
№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тәрбиеші: Сабанбаева Э
Артыкова А

2020-2021 жыл

23.12.2020 Ата аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар 10

Қатыспағандары 10

«Zoom» платформасы код достуна ;123456

Күн тәртібінде

- 1.«Дені саудың тәні сау»
- 2.Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс шаралары
- 3.Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша бақша басшысы бақшадағы денсаулық сақтау технологиясы бойынша педагогтардың көптеген жұмыстар жасалып жатқандығын айтып өтті. Денсаулығын дамыту жолында түрлі ойындар мен іс-шараларға қолданатын көрнекіліктер мен құралдар алынғанын мәлімдеді. Басты байлық денсаулық, балапандарымыздың дені сау ұрпақ болып өсуіне барынша жағдай жасайтынына ийтіп, сөзін аяқтады.

Сөз алды:

Бақшамыздың белсенді ата-аналардың бірі Рабиға анамыз

Кез келген елдің болашағы – халқының денсаулығына байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Денсаулық дегеніміз – адам жаны мен тәнінің амандығы. Денінің сау болуын қандай адам қаламайды?

Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Қоғамдағы не бір жұмысты да сол денсаулық иесі ғана атқара алады. Адам бұл өмірде мәңгілік емес. Сол берілген аз ғұмырды дұрыс пайдалана білмесең, ғұмырың текке өтті дей бер. «Денсаулық – зор байлық» деп атамыз қазақ бекер айтпаған болар. Әр адамның өмірінде денсаулықтың орны бөлек. Сондықтан денсаулығымызға көңіл бөліп, дұрыс сақтанғанымыз жөн. Деніміз сау болмаса, ауру меңдеп, қалжыратса, шалқыған байлықтан, ақшадан не пайда?! Осыдан біз ненің бірінші байлық екенін аңғарамыз.

2.Мәселе бойынша тәрбиеші Сабанбаева Эльмира апай сөз алып Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын айтып, ата-аналарға тақпақ әндерін жаттатқызуға жәрдем берулерін айтып өтті.

Ата ана Мариям ханым сөз алып, балабақша ертеңгілігіне балаларына сыйлық алып ертеңгілік барысында беруге рұқсат сұрады. тәрбиеші Артыкова бақша әкімшілігінен сыйлық берілетіні жайында ескертті.

3 мәселе бойыншы

Қауіпсіздік ережелерін сақтау қатаң қадағалансын.

Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікей келуді түсіндіріп айттық .

Бақша мүліктеріне мұқият қарауды өтіну

Қаулы;

- 1 Бала денсаулығына жіті көңіл бөліп қадағалау медбикеге жүктелсін
- 2 Ата аналармен тығыз байланыста отырып ертеңгілік жоғары дәрежеде өткізілсін.
- 3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

Төрайым: Сабанбаева.Э

Хатшы: Артыкова . А

Шымкент қаласы білім басқармасының
№ 53 «Ер- Асыл» бөбекжай бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Бала тәрбиелеу- бесіктен басталады»

Тәрбиеші: Артыкова А

Сабанбаева Э

2020-2021 оқу жылы



Тәрбие тұл бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі—өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс—әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс—тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» — дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Сондықтан да, ата—ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс—әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады. Отбасылық құндылықтар – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі. Ал психологиялық—педагогикалық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту, әрбір адамның ерекшелігін түсіндіру, адамдар арасындағы жағымды қарым—қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Сондықтан әр ата—ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата—ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан—жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым—қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі. «Балаңа бес жасқа дейін патшаңдай қара» дегеннің терең мәні бар. Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл—кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі—өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат—міндеттерімен байланысты болуы керек. Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата—ананың басты арманы – баласының

инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет—ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым—қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

«Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция» деп жалғастыра келе, «баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олардың икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу керек. Әйел адам ең алдымен – ана. Ал ана – отбасының, мемлекеттің шамшырағы» деп баса назар аударады. Бұл тұжырымды ойлар әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін ескере отырып, қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасау болып табылады.

Қазіргі мақсатымыз «Мәңгілік Елдің» ертеңгі болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеу. Тұлға отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым—қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін—өзі ұстаудың нормалары мен мінез—құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің мәселелері көптеген педагогикалық зерттеулерде де қарастырылған. «Жақсылық жақсы атаның баласынан тарайды» — дейді кемеңгер халқымыз. Осы арқылы тәрбиелі отбасынан тек жақсылық күт десе, шырқы бұзылған отбасын да «Шығады қисық үйден қисық түтін» деп түйреп өтеді ата—бабаларымыз. Халқымыздың ұлы ақыны Абай баланың өмірді танып—білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата—ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Осылардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе сонысынан жұғады» деуінде үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс—әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі. Сонымен, отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана—сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды

азамат бола алады. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіреді, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырады. Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болса да оның төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтары оны мекендеген басқа ұлттардың дәстүрлеріне қайшы келмейді. Тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылады. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасының ең үлкен байлығы – бала. «Шешеге қарап ұл өсер, әкеге қарап қыз өсер» дейді қазақ халқы. Әке мен шешенің жаман үлгісі балаға тәрбие болып табылады. Қазақ отбасындағы тәрбиенің ең бірінші ережесі — әкесін сыйлау, анасын құрметтеу. Бұл – балаға берілетін ең бірінші баға. Ата — анасын сыйлап өткен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді. Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата—бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің үлесіміз болып табылар еді. Ата—ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына. Ата—бабаларымыз өзінің жүріп өткен сан ғасырлық өмір жолы арқылы ұрпағын тәрбиелейтін ұлттық педагогиканың сарқылмайтын мол қазынасын қалдырып отыр. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі қазақ деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата—ана тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті тәрбие болып саналуы тиіс.